



**«Арқалық қаласының орталықтандырылған кітапхана
жүйесі»ММ
Әдістеме – библиография бөлімі**

«Ұлт мақтанышы - Әлкей Марғұлан»

/ғалым, академик Әлкей Марғұланның туғанына 120 жыл/

Библиографиялық көрсеткіш



**«Арқалық қаласының орталықтандырылған кітапхана
жүйесі»ММ
Әдістеме – библиография бөлімі**

«Ұлт мақтанышы - Әлкей Марғұлан»

/ғалым, академик Әлкей Марғұланның туғанына 120 жыл/

Библиографиялық көрсеткіш

Арқалық 2024 жыл

ӘОЖ 011

КБЖ 91

У 47

Құрасты., компьют. терген: С. М. Көшкінбай

Жауапты ред.: Д. Е. Құсайын

Құрастырушы: С. М. Көшкінбай

Шығарылымға жауапты: Д. Е. Құсайын

Мұқабаны безендірген: С. М. Көшкінбай

Редактор: Д. Е. Құсайын

Ұлт мақтанышы – Әлкей марғұлан [Мәтін] ғалым, академик Әлкей Марғұланның туғанына 120 жыл толуына арналған) : Библиографиялық көрсеткіш /«Арқалық қаласындағы орталықтандырылған кітапхана жүйесі» ММ Әдістеме–библиография бөлімі ; [құраст.; С. М. Көшкінбай; шығарылымға жауапты Д. Е. Құсайын; ред. Д. Е. Құсайын]. – Арқалық : [б.б.], 2024. – 40 б. : сурет. – қазақ тілінде.

Әдістеме – библиография бөлімі] ғалым, академик Әлкей Марғұланның туғанына 120 жыл толуына арнап Библиографиялық көрсеткіш дайындады. Көрсеткішке Әлкей Марғұланның өмірі туралы, сондай-ақ шығармашылық жолы жайында мағлұматтар берілген.

©Арқалық қаласының орталықтандырылған кітапхана жүйесі,
әдістеме-библиография бөлімі

Құрастырушыдан

Қазақстанның экономикасы мен әлеуметтік даму жолында ғылымның алатын орны айрықша. Отандық ғылымның пайда болуы мен қалыптасуына, жетіліп дамуына ұлан-асыр еңбек сіңірген ғалымдарды көпшілік оқырманмен қауыштыру мақсатында белгілі ғалым, әдебиеттанушы, өнертанушы, шығыстанушы, ұлттық археология мектебінің негізін қалаушы, КСРО Бүкілодақтық география қоғамының толық мүшесі, филология ғылымының докторы, Қазақстан ҒА-ның академигі, Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген ғылыми қайраткері Марғұлан Әлкей Хақанұлының туғанына 115 жыл толуына арналып шығарылған «**Ұлт мақтанышы – Әлкей Марғұлан**» атты библиографиялық көрсеткішті назарларыңызға ұсынып отырмыз.

Библиографиялық көрсеткішке ғұлама ғалымның ғылыми шығармашылығы және қазақ ғылымына қосқан үлесі туралы баяндалады. Көрсеткіш төрт бөлімнен тұрады. Бірінші бөлім «Ғалым мұрасы – ел жадында» - Ә. Марғұланның өмірі мен қызметі. Екінші бөлімі ғалымның шығармалары мен мерзімді басылымдардағы ол туралы мақалалар тізімі әліпбилік тәртіппен орналастырылған. Үшінші бөлім «Археология атасының тұлғатанушылық қасиеттері...» Ә. Марғұлан өмірінен фотосуреттер енгізілді. Төртінші бөлім «Көне дәуір кен орындары» ғалымның Жезқазған жеріндегі жүргізген зерттеулері туралы мәліметтер және жазушы-ғалымдардың ол туралы лебіздері енгізілген. Басылым соңында көмекші құрал ретінде есімдердің алфавиттік көрсеткіштері берілген.

Аталмыш көрсеткіш ғылыми қызметкерлерге, кітапханашыларға, оқытушыларға, студенттерге және ғалымның еңбектерімен тереңірек танысқысы келетін барша қауымға арналған.



Заманымыздың заңғар ғұламасы ғалым, әдебиетанушы, өнертанушы, шығыстанушы, ұлттық археология мектебінің негізін қалаушы, КСРО Бүкілодақтық география қоғамының толық мүшесі, филология ғылымының докторы, Қазақстан ҒА-ның академигі, Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген ғылыми қайраткері Марғұлан Әлкей Хақанұлы Павлодар облысы Баянауыл ауданында 1904 жылы 11

мамырда дүниеге келген.

Бастапқы білімді ауыл мектебінен алды. Павлодар қаласындағы мұғалімдер курсы бітіріп, туған ауылында мұғалім болып істеді. Семей педагогикалық техникумының студенті бола жүріп, «Таң» журналы мен «Қазақ тілі» газетінің редакцияларында 1921-1925 жылдары қызмет атқарған. Осы жылдары ол М.О. Әуезовпен, М. Жұмабаевпен танысты.

1925-1929 жылдары Ленинград қаласындағы Шығыстану институтының түркітану және тарих-филология факультеттерінде қатар оқыды.

КСРО ҒА-ның академигі А.Е. Ферсман мен профессор С.И. Руденконың басшылығымен ұйымдастырылған Қазақстан және Алтай археологиялық және этнографиялық экспедицияларының жұмысына қатысты. Экспедиция кезінде Ә.Н. Бөкейхановпен тығыз қарым-қатынас орнатып, бірлесіп қызмет жасады.

1928 жылдан қазақ халқына қатысты әдеби, мұрағаттық материалдар жинаумен шұғылданды.

1929 жылы Абай шығармалары туралы дипломдық жұмыс қорғап, орыс географиялық қоғамы архивіндегі Абай қолжазбалары туралы нақты тарихи деректер негізінде ғылыми дәйекті тұжырымдар жасады.

1930-1931 жылдары Терминологиялық комиссияның ғалым-хатшысы,

1931-1934 жылдары Ленинград қаласындағы мемлекеттік материалдық мәдениет тарихы академиясының аспиранты болса,

1931-1935 жылдары Шығыстану институтының оқытушысы,

1936-1938 жылдары Мәскеу қаласындағы материалдық Мәдениет тарихы институтының ізденушісі және ғылыми қызметкері болды. Осы жылдары ол Шығыс Түркістан археологиясы мен өнері бойынша маманданып, бірнеше археологиялық экспедицияларға қатысты.

1939-1941 жылдары КСРО ҒА-ның қазақ бөлімшесі Тарих институтының аға ғылыми қызметкері болды.

1940-1941 жылдары оның «Мәшһүр Жүсіп мұрасындағы түркі эпосы», «Декабристер және Қазақстан», «Әлішер Науаи және қазақ мәдениеті», «Мұхаммед Хайдар – тарихшы», «Шоқан Уәлиханов және Орта Азия тарихы», «Суворов», «Жамбыл Жабаев» т.б. еңбектері жарық көрді.

1941 жылы КСРО ҒА қазақ бөлімшесінің тарих бөлімін басқарды.

1943 жылы осы қызметте жүріп «Хандар жарлығының тарихи маңызы» деген тақырыпта қорғаған кандидаттық диссертациясында көне қыпшақ

тарихына байланысты құнды зерттеулер жасады. «Қазақ халқының эпикалық жыр дастандары» тақырыбында қорғаған докторлық диссертациясы қазақ әдебиеті мен тарихы саласындағы іргелі зерттеулердің нәтижесі саналды.

1946-1953 жылдары археология, палеолит бөлімінің меңгерушісі, аға ғылыми қызметкері болып,

1953-1955 жылдары Қазақстан ҒА-ның Архитектура құрылыс және құрылыс материалдары институтының аға ғылыми қызметкері болды.

1958-1976 жылдары этнография бөлімін басқарды.

Осы жылдары Сырдария, Шу, Талас өзендері бойында және Отырар, Сауран, Сығанақ қалалары орнында қазба жұмыстарын жүргізіп, соның негізінде «Көне қазақ жерінің қалалары мен құрылыс өнерінің тарихы» деп аталатын монографиясын жариялады.

1966 жылы К. Ақышев, М. Қадырбаев, М. Оразбаевтармен бірге Орталық қазақстанда жүргізген археологиялық қазба жұмыстарының қорытындысы саналатын «Орталық Қазақстанның ежелгі мәдениеті» атты ғылыми-зерттеу еңбегін жазып, кітаптың редакциясын басқарды.

Марғұлан Әлкей – қорқыттанушы. Ол оғыз-қыпшақ тайпасынан шыққан данагөй абыз, жырау, күй атасы, қазақ бақсыларының жебеушісі, батагөй-сәуегейі Қорқыт мұрасын зерттеді. Ә. Марғұланның жазуынша, қазақ музыкасы мен философиясында «Қорқыт күйі», «Қорқыт сарыны», «Қорқыт толғауы», «Тәңір биі» дейтін рухани ізгі дәстүрлер, мақамдар қалыптасып дамыған. Демек, Қорқыт – «керемет иесі», «Ұлыстың ұлы кеңесшісі», «тарихи оқиғаларды жырлаушы жырау».

Ә. Марғұлан Қорқыт мұрасын, дәстүрін ұстанған халық мәдениетінің көрнекті өкілдерін былайша топтастырады:

1. бақсы-жыраулар (Қойлыбай, Қарамырза, Нысан абыз,, т.б.);
2. қобызбен күй орындаушылар (әл-Фараби, Кетбұға);
3. сәуегей жыраулар, шешендер (Сыпыра жырау, Асан қайғы, Шалкиіз, Қазтуған, Әнет баба, Бұқар жырау, Тәтіқара, Майлықожа т.б.);
4. Қорқыт дәстүрін жалғастырған, қобызбен жыр туындатқан ақындар (Балқы Базар, Ерімбет жырау, Кете Жүсіп, қаңлы Жүсіп, Абыл, Оңғар жырау, Шораяқтың Омары, т.б.);

1959 жылы «Қазақ халқының көне замандағы ақындық өнерінің шеберлері» атты еңбегінде қазақ халқының эпикалық жыр дәстүрін дамытқан ақындарға, шебер орындаушыларға, сал-серілерге тоқталып, олардың сөз өнеріндегі орнын айқындады. Еңбектегі ғылыми тұжырымдар танымдық тереңдігімен ерекшеленеді, онда көне ойшылдардан бастап Жанақ, Шөже, Арыстанбай, Марабай, Сүйінбай, Жамбыл, Нұрпейіс, Иса секілді ақындар шығармалары талданады.

Әлкей Марғұланның «Тамғалы тас жазуы» атты зерттеуінде әдеби-тарихи мәдени деректер молынан кездеседі. Ол сонымен қатар қырғыз халқының «Манас» эпосы туралы ғылыми-зерттеу ісінің дамуына үлес қосты. Қырғыз эпосын алғаш дүние жүзіне таныстырған Ш.Уәлиханов, кеңес заманында бастапқы зерттеулержі жүргізген Мұхтар Әуезов болса, кейіннен осы дәстүр Марғұланның «Шоқан және Манас» атты монографиясына жалғасты. Ол эпостағы өмір шындығы, жырдың шығу тегі, дәуірі, кейіпкерлері мен көркемдік кестесі және манасшылардың жырды жетілдірудегі қызметі т.б. жөнінде ғылыми маңызы жоғары пікірлер айтты.

1957-1967 жылдары Ш.Уәлихановтың ғылыми мұраларын жинайтын топқа басшылық етіп, оның таңдамалы және 5 томдық шығармалар жинағын жарыққа шығарды.

1976-1984 жылдары Қазақстан ҒА этнография бөлімінің аға ғылыми қызметкері болды. Оның ынта-жігері мен ұсынысы бойынша қазақ даласының ең шалғай аудандарына бірнеше археологиялық және этнографиялық экспедициялар ұйымдастырылды. Ол өзіне дейінгі Қазақстанды зерттеуші орыс ғалымдарының қазақ даласы тек көшпелілер мекені болды деген тұжырымдарының шындыққа сай келмейтіндігін дәлелдеді. Ғалым 1940 жылдардың аяғында бірнеше рет саяси қудалауға түсті, кейін де ұдайы саяси бақылауда болды, ғылыми ортаның кейбір қисынсыз сындарына ұшырады. Ә. Марғұлан тарих, археология, этнография, әдебиет, өнер (қолданбалы және сәулет өнері) және металлургия саласына қатысты 300-ден астам ғылыми-зерттеу жұмыстар, 100-ден астам энциклопедиялар, мақалалар жазды, сонымен қатар қазақстандық этнографтардың, археологтардың, тарихшылардың бірнеше буынын даярлады. Ә. Марғұланның ғылыми еңбектерінің бірқатары шетел тілдеріне аударылды.

Қазақ ұлттық археология мектебінің негізін қалаушы ғалым Әлкей Хақанұлы Марғұлан Алматы қаласында 1985 жылдың 12 қаңтарында дүниеден өтті.

1991 жылы Қазақстан ҰҒА-ның Тарих, археология және этнология институтындағы археологиялық орталықтың негізінде Әлкей Марғұлан атындағы Археологиялық институты құрылды. Астана, Екібастұз, Жезқазған қалалары мен Оңтүстік Қазақстан облысында, Баянауыл, Екібастұз аудандарында бірнеше көшелер, мектептер Әлкей Марғұланның есімімен аталады. Павлодар қаласында мүсіні орнатылған, сондай-ақ Павлодар мемлекеттік университетінде Ә. Марғұлан атында стипендия тағайындалып, музей ашылған.

2004 жылы 100 жылдық мерейтойы ЮНЕСКО-ның шешімімен дүниежүзілік деңгейде аталып өтті.

1967 жылы Қазақстан ҒА-ның Ш.Ш. Уәлиханов атындағы, Қазақ КСР-і Мемлекеттік сыйлықтарының лауреаты. Ленин, Еңбек Қызыл Ту, Халықтар достығы ордендерімен және медальдармен марапатталған.

Ә. Марғұланның шығармалары:

1. Шоқан және Манас [Мәтін] : "Манас" жырының Шоқан жазып алған нұсқасы туралы зерттеу / Ә.Х. Марғұлан ; ред. басқарған: М. Мағауин. - Алматы : Жазушы, 1971. – 164 б.
2. Көкөтайдың ертегісі. "Манас" жырының Шоқан жазып алған бөлігі [Мәтін] / қырғызшадан ауд.: Ә. Марғұлан. - Алматы : Жазушы, 1972. – 112 б.
3. Қазақстан архитектурасы=Архитектура Казахстана [Мәтін] : монография. 1-том / Ә.Х. Марғұлан, Т. Бәсенов, М. Меңдікұлов ; құраст.: А.Қ. Қапанов, А. И. Рүстембеков ; жауапты ред.: А. Қ. Қапанов. – Алматы : Өнер, 2010. – 256 б.
4. Шығармалары [Мәтін]. 1-том / Ә.Х. Марғұлан ; құраст.: Д. Ә. Марғұлан, Д. А. Марғұлан. – Алматы : Алатау, 2007. – 608 б.
5. Шығармалары [Мәтін]. 2-том / Ә.Х. Марғұлан ; құраст.: Д. Ә. Марғұлан, Д. А. Марғұлан. – Алматы : Алатау, 2007. – 432 б.
6. Шығармалары [Мәтін]. 3-том / Ә.Х. Марғұлан ; құраст.: Д. Ә. Марғұлан, Д. А. Марғұлан. – Алматы : Алатау, 2007. – 488 б.
7. Шығармалары [Мәтін]. 4-ші том / Ә.Х. Марғұлан ; құраст.: Д. Ә. Марғұлан, Д. А. Марғұлан. – Алматы : Алатау, 2007. – 368 б.
8. Шығармалары [Мәтін]. 5-том / Ә.Х. Марғұлан ; құраст.: Д. Ә. Марғұлан, Д. А. Марғұлан. – Алматы : Алатау, 2008. – 448 б.
9. Шығармалары [Мәтін]. 6-том / Ә.Х. Марғұлан ; құраст.: Д. Ә. Марғұлан, Д. А. Марғұлан. – Алматы : Алатау, 2008. – 496 б.
10. Шығармалары [Мәтін]. 7-ші том / Ә.Х. Марғұлан ; құраст.: Д. Ә. Марғұлан, Д. А. Марғұлан. – Алматы : Алатау, 2009. – 432 б.
11. Шығармалары [Мәтін]. 8-том / Ә.Х. Марғұлан ; құраст.: Д. Ә. Марғұлан, Д. А. Марғұлан. – Алматы : Алматы-Болашақ, 2011. – 472 б.
12. Шығармалары [Мәтін]. 9-том / Ә.Х. Марғұлан ; құраст.: Д. Ә. Марғұлан, Д. А. Марғұлан. – Алматы : Алматы-Болашақ, 2011. – 472 б.
13. Шығармалары [Мәтін]. 10-том / Ә.Х. Марғұлан ; құраст.: Д. Ә. Марғұлан, Д. А. Марғұлан. – Алматы : Алматы-Болашақ, 2011. – 592 б.
14. Шығармалары [Мәтін]. 11-том / Ә.Х. Марғұлан ; құраст.: Д. Ә. Марғұлан, Д. А. Марғұлан. – Алматы : Алатау, 2012. – 576 б.
15. Шығармалары [Мәтін]. 12-том / Ә.Х. Марғұлан ; құраст.: Д. Ә. Марғұлан, Д. А. Марғұлан. – Алматы: Алатау, 2012. – 576 б.
16. Шығармалары [Мәтін]. 13-том / Ә.Х. Марғұлан ; құраст.: Д. Ә. Марғұлан, Д. А. Марғұлан. – Алматы : Алатау, 2012. – 576 б.
17. Шығармалары [Мәтін]. 14-том / Ә.Х. Марғұлан ; құраст.: Д. Ә. Марғұлан, Д. А. Марғұлан. – Алматы : Алатау, 2012. – 512 б.
18. Шығармалары [Мәтін]. 14-том / Ә.Х. Марғұлан ; құраст.: Д. Ә. Марғұлан, Д. А. Марғұлан. – Алматы : Алатау, 2012. – 512 б.

Ә. Марғұланның мерзімді басылымдардағы жарияланымдары:

19. Марғұлан , Ә. Ақын туған орта [Мәтін] : [Абай және оның ортасы] / Ә. Марғұлан // Жұлдыз. – 1982. – № 4. – Б. 192–199.
20. Еңбекпен өткен өмірім [Мәтін] : [өз өмірі, ғылымдағы жолы туралы естелік] / Ә. Марғұлан // Жұлдыз. – 1986. – № 1. – Б. 169–179.
21. Күйді ерттеп әнді мінген кемеңгерлер [Мәтін] : [қазақтың сал-серілік әстүрлері] / Ә. Марғұлан // Жұлдыз. – 1983. – № 9. – Б. 173–188.
22. Қазақ жазуының тарихы [Мәтін] : [кітапханадағы қазақ қолжазбалары] / Ә. Марғұлан // Жұлдыз. – 1984. – № 8. – Б. 203–205.
23. Қазан университетінің кітапханасындағы қазақ қолжазбалары [Мәтін] : [кітапханадағы қазақ қолжазбалары] / Ә. Марғұлан // Ақиқат. – 1994. – № 5. – 11 наурыз. – Б. 68–78.
24. Қобызы болған халықтың [Мәтін] : [қазақ халқының көне поэтикалық мұрасын жасаушылар туралы] / Ә. Марғұлан // Жұлдыз. – 1998. – № 6. – Б. 166–173.
25. Қобыланды – ұлыстың ұлы батыры [Мәтін] : [Қобыланды батыр туралы] / Ә. Марғұлан // Аңыз адам. – 2015. – № 19. – Б. 21–24.
26. Қорқыттың туысы оның жасаған жері [Мәтін] : [қазақ аңыздары] / Ә. Марғұлан // Түркістан. – 2004. – 11 наурыз. – Б. 4.
27. Мұқаң туралы сөз [Мәтін] : [жазушы Мұхтар Әуезов туралы] / Ә. Марғұлан // Жалын. – 1997. – № 3–4. – Б. 4–9.
28. Найман, Керей, Оңгіттердің жазулары [Мәтін] : [Марғұлан мұрасынан] / Ә. Марғұлан // Ақиқат. – 1993. – № 7. – Б. 70–76.
29. Ойсылқара [Мәтін] : [тарихи этнографиялық әңгіме] / Ә. Марғұлан // Жұлдыз. – 1984. – № 4. – Б. 172–178.
30. Орда бұзған Олжабай [Мәтін] : [батыр Олжабай Толыбайұлы (1709 – 1783) туралы зерттеулер] / Ә. Марғұлан // Қазақ батырлары. – 1993. – 15 қыркүйек. – Б. 4.

Ә. Марғұлан туралы әдебиеттер:

31. Әлкей Марғұлан [Мәтін] // Уық шаншылған Ұлытау : кітап-альбом / құраст.: Ғ. Ештанаев, Б. Мырзабеков, С. Смағұл. – Алматы : Аспантау, 2017. – Б. 228–231; 242–243.
32. Әлкей Марғұлан [Мәтін] // Қазақстан ғылымы : энцикл. 2-том. Қ - Я / бас ред.: Б. Ө. Жақып. – Алматы : Қазақ энциклопедиясы, 2010. – Б. 138–139.
33. Әлкей Марғұлан [Мәтін] // Қазақстан : ұлттық энциклопедия. 6-том. Қ- Н / бас ред.: Б. Ғ. Аяған. – Алматы : Қазақ энциклопедиясы, 2005. – Б. 368–369.
34. Әлкей Марғұлан [Мәтін] Қазақ халқының тарихи тұлғалары : қысқаша анықтамалық : 1-кітап / алғы сөз жазғ.: Ә. Көпіш. – Алматы : Өнер, 2011. – Б. 239–244
35. Әлкей Марғұлан [Мәтін] // Қазақ халқының тарихи тұлғалары : қысқаша анықтамалық : 2-кітап / алғы сөз жазғ.: Ә. Көпіш. – Алматы : Өнер, 2016. – Б. 201-206

36. Әлкей Марғұлан [Мәтін] // Тарихи тұлғалар : мектеп жасындағы оқушылар мен көпшілікке арналған / құраст.: Б.Тоғысбаев, А. Сужикова. – толықтырылған, екінші бас. – Алматы : Алматыкітап, 2006. – Б. 112–114.
37. Өтетілеуов, Е. Тас та сөйлемейді [Мәтін] : әңгімелер / құраст. : Е. Өтетілеуов. – Алматы : 1984. – Б. 42–44.
38. Жұбанов, А. Әлкей Марғұлан [Мәтін] // Өскен өркен : мақалалар мен зерттеулер / А. Жұбанов. – Алматы, 1985. – Б. 20–23.
39. Жолдасбеков, М. Академик Марғұлан [Мәтін] // Асыл арналар : әдеби мақалалар / М. Жолдасбеков. - Алматы : Жазушы, 1990. – Б. 316–324.
40. Күмісбаев, Ө. Шығыс шайырлары [Мәтін] : бес томдық. 3-том / Ө. Күмісбаев. – Алматы : Дәуір, 2015. – 452 б.
41. Манапова, Әлия. Әлкей Хақанұлы Марғұлан - археолог [Мәтін] : тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты / Ә.М. Манапова ; Ә. Х. Марғұлан атындағы Археология ин-ты. – Алматы, 2010. – 25,[5] б.
42. Сүйіншәлиев, Х. Әлкей Марғұлан [Мәтін] // Қазақ фольклористикасы / Х. Сүйіншәлиев. – Алматы, 1972. – 232-242 б.
43. Хамитова, М. Академик Ә. Х. Марғұланның ғылыми мұрасының Қазақстан музей ісіндегі маңызы [Мәтін] : тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты / М.А. Хамитова ; Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология ин-ты. – Алматы, 2010. – 26,[4] б.

Ә. Марғұлан туралы мерзімді басылымдардағы мақалалар:

44. Ақдәулетұлы, М. Дала және мәдениет - уақыт өтіндегі ұлы жол [Мәтін] : [ғалым Әлкей Марғұланды еске алуға арналған симпозиумнан] / М. Ақдәулетұлы // Қазақ әдебиеті. – 1997. – 3 маусым. – Б. 4.
45. Ақордаұлы, Қуан. " Қазақ мәдениеті мені зертте деп маңырап тұр..." [Мәтін] : [ғалым Әлкей Марғұланның 100 жылдық мерей тойы] / Қуан Ақордаұлы // Ақиқат. – 2004. – № 6. – Б. 39–40.
46. Ақордаұлы, Қ. Ғұламаға тағзым [Мәтін] : [ғалым Әлкей Марғұлан – 100 жаста] / Қ. Ақордаұлы // Ақиқат. – 2004. – № 11. – Б. 25.
47. Ақатаев, С. Ғұлама ғалым [Мәтін] : [ғалым Әлкей Марғұлан туралы] / С. Ақатаев // Қазақ әдебиеті. – 1984. – 11 мамыр. – Б. 4.
48. Ақатаев, С. Халық қазынасының сарасы [Мәтін] : [ғалым Ә. Марғұлан туралы] / С. Ақатаев // Жұлдыз. – 1989. – № 3. – Б. 188–189.
49. Ақышев, К. Қазақ археология ғылымының атасы [Мәтін] : [ғалым Әлкей Марғұланның туғанына 90 жыл] / К. Ақышев // Қазақ тарихы. – 1994. – № 2. – Б. 7–10.

50. Арғынбаев, Ж. Заманымыздың заңғар ғұламасы [Мәтін] : [археолог, этнограф, тарихшы Әлкей Марғұлан туралы] / Ж. Арғынбаев // Егемен Қазақстан. – 1996. – 7 маусым. – Б. 4.
51. Асық ойнаған академик [Мәтін] : [академик Әлкей Марғұлан туралы] // Астана. – 2003. – № 4. – Б. 52–53.
Әлімбаев, М. Алыптың әмбебабы [Мәтін] : [академик Әлкей Марғұлан – 100 жаста] / М. Әлімбаев // Қазақ әдебиеті. – 2004. – 10 қыркүйек. – Б. 4.
52. Әсембаева, Б. Әлкей Марғұланның алғашқы мақалалары [Мәтін] : [ғалым Әлкей Марғұлан жайлы] / Б. Әсембаева // Ақиқат. – 2005. – № 4. – Б. 91–93.
53. Әлекейұлы, Д. Ойлы сөз ояу жүрекке аманат [Мәтін] : [ғалым Әлкей Марғұлан жайлы] / Д. Әлекейұлы // Зерде. – 1989. – № 5. – Б. 12.
54. Әлкей Марғұланға арналған салтанат [Мәтін] : [1994 ж 3-ші маусымда ұлттық ғылым Академиясында өткен Ә. Марғұланның 90 жылдық мерейтойы] // Қазақ әдебиеті. – 1994. – 17 маусым. – Б. 2.
55. Әлкей Марғұлан (1904 - 1985) [Мәтін] : [этнограф ғалым, академик Ә.Х.Марғұланның өмірі мен қызметі] // Абай. – 2004. – № 2. – Б. 109–110.
56. Байтанаев, Бауыржан. Қазақстанның киелі орындарының географиясы: қорытындысы мен келешегі [Мәтін] / Бауыржан Байтанаев // Егемен Қазақстан. – 2018. – 11 мамыр. – Б. 5.
57. Бектұров, Ж. Ғұлама [Мәтін] : [археолог Әлкей Марғұлан туралы естелік] / Ж. Бектұров // Қазақстан жаршысы. – 1994. – 25 мамыр. – Б. 4.
58. Бердібаев, Р. Марғұлан мұнарасы [Мәтін] : [археолог Әлкей Марғұлан туралы] / Р. Бердібаев // Егемен Қазақстан. – 1996. – 7 маусым. – Б. 4.
59. Бердібаев, Р. Дүрдана ойлар тізген [Мәтін] : [археолог Әлкей Марғұланның еңбектері жайлы] / Р. Бердібаев // Қазақ әдебиеті. – 1994. – 27 маусым. – Б. 6–7.
60. Бодыққызы, Гүлназия. Әлкей Марғұлан мұрасы [Мәтін] : ["Отырар кітапханасы" ғылыми орталығында Ә. Марғұлан мұрасын насихаттау жұмыстары] / Гүлназия Бодыққызы // Кітап патшалығы. – 2010. – № 2. – Б. 34–38.
61. Бықай, Ф. Ер тұлғасы еңбегімен танылар [Мәтін] : [ғалым Әлкей Марғұланның 100 жылдық мерейтойы Павлодарда аталып өтті] / Ф. Бықай // Егемен Қазақстан. – 2004. – 1 маусым. – Б. 4.
62. Бықай, Ф. Ғұлама жіберген сәлемдеме [Мәтін] : [ғалым Әлкей Марғұланға 100 жыл] / Ф. Бықай // Егемен Қазақстан. – 2004. – 24 сәуір. – Б. 4.
63. Дербісәлі, Әбсаттар. Үш бәйтерек [Мәтін] : М. Х. Дулати, Шоқан Уәлиханов және Әлкей Марғұлан сабақтастығы хақында / Әбсаттар Дербісәлі // Егемен Қазақстан. – 2018. – 21 мамыр. – Б. 9.
64. Елдікті еңселеткен ескерткіштер [Мәтін] / суретті түсірген : Берсінбек Сәрсенов // Егемен Қазақстан. – 2011. – 29 маусым. – Б. 11.


65. Жәкішева, Зәбира. Қазақтың аспапты-музыкалық археологиясы [Мәтін] : [аспапты-музыкалық археология туралы] / Зәбира Жәкішева // Мәдени мұра. – 2014. – № 1–2. – Б. 95–98.
66. Жолдасбеков, Мырзатай. Асылдарым [Мәтін] : [эссе] / Мырзатай Жолдасбеков // Егемен Қазақстан. – 2011. – 12 қаңтар. – Б. 3, 5.
67. Жұмағалиев, Қайрат. Мәрт қазақ ешкімге де бас ұрмаған [Мәтін] : [өлеңдер] / Қайрат Жұмағалиев // Жалын. – 2013. – № 9. – Б. 68–72.
68. Жұртбаев, Т. Бауырында Қандықардың ту көмілген [Мәтін] : [ғалым Ә. Марғұланның туғанына 90 жыл] / Т. Жұртбаев // Жас алаш. – 1994. – 30 шілде. – Б. 4.
69. Жұртбаев, Т. Дала данышпаны [Мәтін] : [ғалым Ә. Марғұланның туғанына 90 жыл] / Т. Жұртбаев // Жас алаш. – 1994. – 9 шілде. – Б. 2.
70. Кәрібозұлы, Бағдат. Қорқыт жырлары [Мәтін] : және оның қазақ эпостарымен байланысы туралы / Бағдат Кәрібозұлы // Ана тілі. – 2014. – 3–9 шілде. – Б. 5.
71. Кемелбаева, Айгүл. Әлкей Марғұланның " Қазақ әлемі " хақында [Мәтін] : [Әлкей Марғұланның шығармаларына әдеби сын] / Айгүл Кемелбаева // Абай. – 2004. – № 2. – Б. 70–76.
72. Көмеков, Болат. Ерен тұлға [Мәтін] : [академик Әлкей Хақанұлы Марғұлан туралы] / Болат Көмеков // Парасат. – 2004. – № 11. – Б. 5–9.
73. Көшекбаев, Әмірғали. Сырдарияның төменгі ағысындағы ескерткіштердің зерттелуі [Мәтін] : [ерте темір дәуірі және орта ғасырдағы ескерткіштер туралы] / Әмірғали Көшекбаев // Мәдениет. – 2015. – № 3. – Б. 52–55.
74. Қасқабасов, С. Ғұлама [Мәтін] : [ғалым Әлкей Марғұлан туралы] / С. Қасқабасов // Егемен Қазақстан. – 2004. – 1 маусым. – Б. 4.
75. Қожа, Мұхтар. Әлкей Марғұлан және Отырар [Мәтін] : [академиктің пікірінше, Отырар X-XV ғасырларда Орта Азияның ең көркем қалаларының бірі саналған] / Мұхтар Қожа // Жалпы тарих және құқықтану мектепте. – 2004. – № 6. – Б. 39–40.
76. Қозыбаев, М. Дала перзенті [Мәтін] : [ғалым Әлкей Марғұлан туралы] / М. Қозыбаев // Қазақ әдебиеті. – 1994. – 24 маусым. – Б. 6–7.
77. Қойгелдиев, Мәмбет. Тылсым әлем [Мәтін] : [ғалым Әлкей Марғұлан туралы] / Мәмбет Қойгелдиев // Парасат. – 2004. – № 11. – Б. 5–9.
78. Қойгелдиев, М. Марғұлан мұрасы [Мәтін] : [ғалым Әлкей Марғұлан жайында] / М. Қойгелдиев // Егемен Қазақстан. – 2004. – 25 мамыр. – Б. 4.
79. Құрманғалиева, Назгүл. Сирек қордағы Әлкей Марғұлан жинаған мұралар [Мәтін] : [Әлкей Марғұланның сирек қолжазбалары] / Назгүл Құрманғалиева // Парасат. – 2015. – № 9. – Б. 13.
80. Қызласов, Л. Марғұлан феномені [Мәтін] : [ғалым Әлкей Марғұлан жайында] / Л. Қызласов // Егемен Қазақстан. – 2004. – 30 маусым – Б. 4.
81. Марғұлан, Д. Арманы көп еді... [Мәтін] : [академик Әлкей Марғұлан туралы] / Д. Марғұлан // Парасат. – 2004. – № 11. – Б. 2–4.

82. Марғұлан мұрасы - ұлттық руханиятымыздың қазынасы [Мәтін] : [ғалымның қызы Дәнел Марғұланмен сұхбат] / сұхбаттасқан Эльвира Серікқызы // EGEMEN QAZAQSTAN. – 2019. – 15 наурыз. – Б. 10.
83. Мәмет, Сүлеймен. Ұлыдан қалған мұра бұл [Мәтін] : Әлкей Марғұлан "Саят құстары" / Сүлеймен Мәмет // Егемен Қазақстан. – 2015. – 1 қаңтар. – Б. 10.
84. Мұқан, Тұңғышбай. Академик Ә. Марғұланның Ақтоғайдағы зерттеулері [Мәтін] : [археолог, тарихшы Әлкей Марғұлан туралы] / Тұңғышбай Мұқан // Мәдени мұра. – 2016. – № 5. – Б. 9–12.
85. Мұқтар, Әбілсейіт. Әлкей Марғұланның Сарайшықты зерттеуі [Мәтін] : [академик, ғалым Әлкей Марғұлан жайында] / Әбілсейіт Мұқтар // EGEMEN QAZAQSTAN. – 2019. – 6 наурыз. – Б. 8.
86. Нұрғали, Р. Кеңістікпен тереңдік [Мәтін] : [ғалым Әлкей Марғұлан – 100 жаста] / Р. Нұрғали // Егемен Қазақстан. – 2004. – 7 шілде. – Б. 4.
87. Нілібаев, Ә. Қазақ қолөнерінің энциклопедиясы [Мәтін] : [ғалым Әлкей Марғұланның «Қазақтың қол өнері» атты үш томдық еңбегі туралы] / Ә. Нілібаев // Парасат. – 1995. – № 4. – Б. 10–11.
88. Ошанов, О. Кеңістікпен тереңдік [Мәтін] : [ғалым Әлкей Марғұлан зерттеген үңгір] / О. Ошанов // Зерде. – 1998. – № 1. – Б. 17.
89. Өтениязұлы, С. Арманда кеткен Әлкей ата [Мәтін] : [ғалым Әлкей Марғұланның өмірі мен қызметі] / С. Өтениязұлы // Қазақ тарихы. – 1994. – № 2. – Б. 10–17.
90. Рахымбек, С. Бір сәт және бүкіл ғұмыр [Мәтін] : [академик Әлкей Марғұлан туралы естелік] / С. Рахымбек // Егемен Қазақстан. – 2006. – 31 мамыр – Б. 11.
91. Рыскелдиев, Т. Марғұлан оқулары [Мәтін] : [академик Әлкей Марғұланға арналған ғылыми практикалық конференция] / Т. Рыскелдиев // Егемен Қазақстан. – 2004. – 10 сәуір – Б. 4.
92. Сапаралин, Б. Ғалымның хаты өлмес [Мәтін] : [ғалым Ә. Марғұланның дайындап кеткен 10 томдық еңбегінің қашан шығатындығы жайында мәлімет] / Б. Сапаралин // Жұлдыз. – 1989. – № 5. – 25 ақпан. – Б. 175–184.
93. Сартқожаұлы, Қ. Марғұланмен монғолиядағы кездесу [Мәтін] : [академик Әлкей Марғұланмен кездесу] / Қ. Сартқожаұлы // Егемен Қазақстан. – 2004. – 25 ақпан – Б. 4.
94. Сәуенова, Роза. Әлкей Хақанұлы Марғұлан (1904-1985) [Мәтін] : [ғалым Әлкей Хақанұлы Марғұлан туралы] / Роза Сәуенова // Қазақстан тарихы әдістемелік журнал. – 2004. – № 8. – Б. 11–16.

95. Сейдалиева, С. Қазақ археология ғылымының атасы [Мәтін] : [Әлкей Хақанұлы Марғұлан - қазақтың ғұлама ғалымы, ғылымға еңбек сіңірген қайраткер] / С. Сейдалиева // Қазақстан тарихы әдістемелік журнал. – 2005. – № 10. – Б. 20–24.
96. Сембайқызы, Ботагөз. Арқадағы көне құрылыстар [Мәтін] : [арқа жерінің кеше және бүгінгі архитектурасы / Ботагөз Сембайқызы // Мәдени мұра. – 2011. – № 6. – Б. 49–52.
97. Смағұлова, Қымбат. Институттағы игілікті істер [Мәтін] : [Алматыдағы Әлкей Марғұлан атындағы археология институтының тыныс-тіршілігі] / Қ. Смағұлова // Қазақ батырлары. – 2007. – № 2. – Б. 9.
98. Сұлтанбаева, Эльмира. Алматыда Әлкей Марғұланға ескерткіш ашылды [Мәтін] : [ғалым Ә. Марғұланға орнатылған ескерткіш ашылуынан] / Эльмира Сұлтанбаева // Қазақ әдебиеті. – 2008. – 18 қаңтар. – Б. 2.
99. Тәтімұв, Мақаш. Уақыт. Дала. Құндылық... [Мәтін] : [ғалым Әлкей Марғұланнның жеке архивінде сақталған құнды суреттер туралы өз пікірін ортаға салды] / Мақаш Тәтімұв // Әдебиет айдыны. – 2007. – № 15. – Б. 1.
100. Тлеубаев, С. Домбауыл нешеу? [Мәтін] : [ғалым Әлкей Марғұлан зерттеулері] / С. Тлеубаев // Айқын. – 2014. –1 мамыр. – Б. 20.
101. Тұрғанбаева, А. Ә. Марғұлан - шоқтығы биік ғалым [Мәтін] : [Ә. Марғұлан - қазақ архитектурасының тарихын зерттеуші] / А. Тұрғанбаева // Қазақстан тарихы (әдістемелік журнал). – 2017. – № 1. – Б. 11–15.
102. Уәлихан, Ы. Жол үстіндегі жұлдыз [Мәтін] : [академик Ә. Марғұлан хақында] / Ы. Уәлихан // Қазақ әдебиеті. – 2004. –16 сәуір. – Б. 4.
103. Уәлихан, Ы. Жол үстіндегі жұлдыз [Мәтін] : [академик Әлкей Марғұлан хақында] / Ы. Уәлихан // Парасат. – 1998. – № 5. – Б. 32.
104. Уәлихан, Ы. Сағыныш [Мәтін] : [академик Ә. Марғұлан туралы естелік] / Ы. Уәлихан // Қазақ әдебиеті. – 1996. – № 5. – Б. 32.
105. Шөкин, Ш. Біртуар [Мәтін] : [академик Әлкей Марғұлан туралы] / Ш. Шөкин // Егемен Қазақстан. – 1994. – 4 тамыз. – Б. 4.
106. Ысқақов, А. Ағадан қалған мұра [Мәтін] : [академик Әлкей Марғұлан туралы] / А. Ысқақов // Қазақ әдебиеті. –1986. –17 қаңтар. – Б. 10–11.



Ғалым Әлкей Марғұлан еңбектері:





ҚР Ұлттық академиялық кітапханасында ғұлама ғалым, академик, қазақ археология мектебінің негізін салушы Әлкей Марғұланның туғанына 110 жыл толуына және ҚР Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасының 10 жылдығына арналған «Әлкей Марғұлан және қазақ ғылымы» тақырыбында дөңгелек үстел өтті.



Дөңгелек үстелге Әлкей Марғұланның қызы – Данель Әлкейқызы, академик, философия ғылымдарының докторы Жабайхан Әбділдин, филология ғылымдарының докторы Тұрсын Жұртбай, БҒМ Мемлекет тарихы институты, Кемел Ақышев атындағы Археология Ғылыми-зерттеу институтының өкілдері, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ ғалымдары мен студенттері, кітапхана оқырмандары қатысып, келелі ой тарқатты..



«Ғұламасы қазақтың – әз Марғұлан» кітап көрмесінде оқырмандар ғалымның еңбектері және оның өмірі мен қайраткерлігіне арналған кітаптармен танысты. Мұнда «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарлама аясында жарық көрген Әлкей Марғұланның 14 томдығы және қазақ халқының этнографиясы мен мәдениеті, соның ішінде қазақтардың жазуы бойынша академиктің еңбектері жарық көрген «Қазақ этнографиясы кітапханасының» 8 томы ұсынылған



ғалым Әлкей Марғұланның 100 жылдығына орай шығарылған Қазақстанның ескерткіш теңгелері айналымға түсті



Қазақстан маркасы

Ғалым Әлкей Марғұлан туралы баспасөз беттерінде жарияланған мақалалар:



Әлкей Марғұлан және Отырар

Әлкей Марғұлан (1925-1997) - қазақ әдебиетінің классигі, журналисті, тарихшысы. Отырар қаласында дүниеге келген. Отырар тарихы мен мәдениеті туралы еңбектерімен белгілі. Отырар қаласының тарихы мен мәдениеті туралы еңбектерімен белгілі.



Әлкей Марғұлан (1925-1997) - қазақ әдебиетінің классигі, журналисті, тарихшысы. Отырар қаласында дүниеге келген. Отырар тарихы мен мәдениеті туралы еңбектерімен белгілі. Отырар қаласының тарихы мен мәдениеті туралы еңбектерімен белгілі.

Отырар қаласының тарихы мен мәдениеті туралы еңбектерімен белгілі. Отырар қаласының тарихы мен мәдениеті туралы еңбектерімен белгілі. Отырар қаласының тарихы мен мәдениеті туралы еңбектерімен белгілі. Отырар қаласының тарихы мен мәдениеті туралы еңбектерімен белгілі.

Отырар қаласының тарихы мен мәдениеті туралы еңбектерімен белгілі. Отырар қаласының тарихы мен мәдениеті туралы еңбектерімен белгілі. Отырар қаласының тарихы мен мәдениеті туралы еңбектерімен белгілі. Отырар қаласының тарихы мен мәдениеті туралы еңбектерімен белгілі.

Отырар қаласының тарихы мен мәдениеті туралы еңбектерімен белгілі. Отырар қаласының тарихы мен мәдениеті туралы еңбектерімен белгілі. Отырар қаласының тарихы мен мәдениеті туралы еңбектерімен белгілі. Отырар қаласының тарихы мен мәдениеті туралы еңбектерімен белгілі.



Отырар қаласының тарихы мен мәдениеті туралы еңбектерімен белгілі. Отырар қаласының тарихы мен мәдениеті туралы еңбектерімен белгілі. Отырар қаласының тарихы мен мәдениеті туралы еңбектерімен белгілі. Отырар қаласының тарихы мен мәдениеті туралы еңбектерімен белгілі.

1-ші бөлім

Әлкей Марғұланның Сарайшықты зерттеуі

Әлкей Марғұланның Сарайшықты зерттеуі



Сарайшықтың тарихы мен мәдениеті

Сарайшықтың тарихы мен мәдениеті

Сарайшықтың тарихы мен мәдениеті

Сарайшықтың тарихы мен мәдениеті

Сарайшықтың тарихы мен мәдениеті

Сарайшықтың тарихы мен мәдениеті

Сарайшықтың тарихы мен мәдениеті


Сарайшықтың тарихы мен мәдениеті

Сарайшықтың тарихы мен мәдениеті

Сарайшықтың тарихы мен мәдениеті

Көне дәуір кен орындары

Қазақ елінің өткен тарихын танып білу мақсатында Жезқазған-Ұлытау өңірінде жүргізген зерттеу жұмыстары



Археология атасының тұлғатанушылық қасиеттері...



Ә. Марғұлан жұмыс үстінде



Ә. Марғұлан шәкірттерімен



Ә. Марғұлан ғылыми конференцияда

Ғалым Әлкей Марғұлан бастаған археологиялық экспедиция, 1946 жыл



Әлкей аға мен Раушан апай



Әлкей Марғұлан көмересімен



Ә. Марғұлан туыстары арасында




Ә. Марғұлан ауыл ақсақалдары ортасында



Академик Ә. Марғұлан қызы Дөнелмен

Ә. Х. Марғұлан атындағы мемориалды мектеп мұражайы



Ә. Х. Марғұлан ескерткіші. Алматы



Ғалым Әлкей Марғұлан туралы лебіздер:



«Әлкей академик емес, академияның өзі»

Мұхтар Әуезов, жазушы



«Әлкей Марғұланның жан жақты энциклопедиялық білімінің тұңғыық тереңдігінің тамыры Әлекеңнің шексіз білім құмарлығында жатыр. Ол қазақ халқы тарихының жоғалып кеткен тұстарының бөлшектерін құрастырып қайта жасады»

Шапық Шөкин, академик



Әлкей Марғұланның ғылымға келу уақыты – қазақ ұлтының руханияты тарихындағы алтын белесті және қормалды кезең болып табылады. Егер Әлекең дүниеге келмесе, әр ғылым салаларынан еңбектерді жазбаса, тарихымыз, этнографиямыз, әдебиетіміз, мұрағаттану, археология ғылымдары осы күндерге дейін ойсырап тұрар еді деп ойлаймын. Әлекең – дала данышпаны.

**Тұрсын
ЖҰРТБАЙ,
филология ғылымының
докторы**

Әкем – қазақ халқының мәдениетін ежелгі заманнан бастап, орта ғасырға дейін жан-жақты зерттеген ғалым. Отыз жыл бойы басқарған Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясымен кең-байтақ қазақ даласын батыс шекарасынан бастап (Сарайшық қаласын зерттеген), солтүстік-шығыс және Шығыс Қазақстан шекарасына дейін мыңдаған шақырымды кесіп өтті. Орталық Қазақстанда отандық ғылым үшін маңызды көне мәдениет пен өркениет ошағын ашты. «Қазақстан жері ежелден көшпенділердің көш жолдары кесіп өткен, тіршіліксіз жатқан құба жон» деген бұрынғы зерттеушілердің пікірлері теріс екендігін көрсетіп, жерімізде көне замандарда мәдениет болғанын дәлелдеді. Көнедегі Жезқазған, Шақпақтас, Саяқ, т.б. кеніш орындарын, металлургия орталықтарын ашты. Әкем – Жезқазған-Ұлытау аумағында орналасқан Жошы хан, Алаша хан, Домбауыл секілді күмбездерді және Таңбалытас ескерткіштерін алғаш зерттеген ғалым.

**Дәнел
ӘЛКЕЙҚЫЗЫ,
медицина ғылымдарының
кандидаты**



Әлкей Марғұлан ғылымның көп саласын меңгергендігі кездейсоқ емес. Халықтың рухани мұрасын зерттеу үшін тек қана әдебиетші немесе лингвист болу аз еді. Сондықтан да ол археология мен этнографияға да жүгінді. Бұлардың барлығын объективті түрде зерттеу үшін ғылымның басқа салаларының мәліметтерін көп пайдалану керек болды да, Әлекең көне металлургия мәселесіне ойысты. Көрінген нәрсеге әуестігінен емес, тереңдегі тарихты кең, жан-жақты зерттеп, дұрыс мағлұматтарды алып, жазу үшін осындайға барды. Екінші дүние жүзілік соғыстан кейін – қазақ ғылымы жаңа қалыптасып, мамандар аз болған кезеңде ол барлық салаларда көшбасшыға айналды. Ғылымның классикалық үлгілерін жасап, ғұламалық дәрежеге жеткені осыдан болар.

**Зейнолла
САМАШЕВ,**



Ұлтжандылықтан жаралған Батыр Бауыржан мен ғұлама ғалым Әлкей Марғұлан Алматыдағы Кеңсай зиратында қатар жатыр.

Есімдердің алфавиттік көрсеткіші

- Ақатаев, С. - 47-48
Ақдәулетұлы, М. - 44
Ақордаұлы, Қ. - 45-46
Ақышев, К. - 49
Арғынбаев, Ж. - 50
Әлекейұлы, Д. - 53
Әсембаева, Б. - 52
Байтанаев, Б. - 56
Бектұров, Ж. - 57
Бердібаев, Р. - 58-59
Бодыққызы, Г. - 60
Бықай, Ф. - 61-62
Дербісәлі, Ә. - 63
Жәкішева, З. - 65
Жолдасбеков, М. – 39, 66
Жұбанов, А. - 38
Жұмағалиев, Қ. - 67
Жұртбаев, Т. - 68-69
Кәрібозұлы, Б. - 70
Кемелбаева, А. - 71
Көмеков, Б. - 72
Көшекбаев, Ә. - 73
Күмісбаев, Ө. - 40
Қасқабасов, С. - 74
Қожа, М. - 75
Қозыбаев, М. - 76
Қойгелдиев, М. - 77-78
Құрманғалиева, Н. – 79
Қызласов, Л. - 80
Манапова, Ә. - 41
Марғұлан Ә. - 1-18, 19-30, 31-36,
51, 54-55
Марғұлан, Д. - 81
Мәмет, С. - 83
Мұқан, Т. - 84
Мұқтар, Ә - 85
Нұрғали, Р. - 86
Нілібаев, Ә. - 87
Ошанов, О. - 88
Өтениязұлы, С. - 89
Өтетілеуов, Е. - 37
Рахымбек, С. - 90
Рыскелдиев, Т. - 91
Сапаралин, Б. - 92
Сартқожаұлы, Қ. - 93
Сәуенова, Р. - 94
Сейдалиева, С. - 95
Сембайқызы, Б. - 96
Смағұлова, Қ. – 97
Сұлтанбаева, Ә. - 98
Сүйіншәлиев, Х. - 42
Тәтімов, М. - 99
Тлеубаев, С. - 100
Тұрғанбаева, А. - 101
Уәлихан, Ы. - 102-104
Хамитова, М. - 43
Шөкин, Ш. - 105
Ысқақов, А. - 106

Мазмұны

1. Құрастырушыдан.....	5
2. Ғалым мұрасы – ел жадында.....	6-8
3. Шығармалары.....	9
4. Мерзімді басылымдардағы жарияланымдары.....	10
5. Ол туралы әдебиеттер.....	10-11
6. Мерзімді басылымдардағы жарияланымдар.....	12-15
7. Ғалым Ә. Марғұлан туралы баспасөз беттерінде жарияланған мақалалар.....	16-23
8. Көне дәуір кен орындары.....	24-26
9. Археология атасының тұлғатанушылық қасиеттері.....	27-30
10. Ғалым туралы лебіздер.....	32-33
11. Есімдердің алфавиттік көрсеткіші.....	35

Құрастырушы: Г. К. Сейтқожина
Компьютерлік терілім: Г. К. Сейтқожина
Редактор: Ә. Қ. Ахметжанова
Шығарылымға жауапты: К. Б. Бормбаева
Басуға қол қойылды 27.06. 2019
Таралым 5
Басылым: ксерокс

Біздің кітапхананың мекен-жайы:
110300, Қостанай облысы, Арқалық қаласы
Абай көшесі, 62. Тел. (факс) 7-09-16.
E – mail:arkounb@mail.ru

